

Халықтың Қазақстан Республикасының Жинақбанкінде сақтаулы салымдары бойынша проценттік ставкаларын арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 маусым 1993 жылғы N 578

1. Халықтың Қазақстан Республикасы Жинақбанкінің мекемелерінде сақтаулы салымдары бойынша ставкалар 1993 жылғы 1 шілдеден бастап, орташа 20 проценттен кем емес мөлшерде арттырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жинақбанкі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісе отырып, салымдардың сақталу мерзіміне қарай, нақты проценттік ставка мөлшерін белгілесін және шығыстарды жабу көздерін анықтасын.

3. Қазақстан Республикасының Жинақбанкі республика халқына салымдар бойынша проценттік ставканы арттыру туралы хабарласын және оны сапалы атқаруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары